

ТУЫ

ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ІК КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Сайлау күресіне Коммунистік партия жалғыз шықпайды. Ол сайлауға партияда жоқтармен одақтасып шығады.

... Коммунистер мен партияда жоқтардың блогі—табиғи және өмірден туып отырған іс.

И. СТАЛИН.

ен
ық

міндеттер
иномен ой-
но механик-
инициати-
ығы сөзсіз.
арасындағы
рі өрістетіп,
ен қол жег-
еңінен тара-
герді дереу

науына әзір-
д кезіне ар-
ық кинолар-
ш отыр. Сай
105 киноус-
елода 98-ки-
болады. Сей-
40 киносеанс
отырмақ. Сай
пан-теңіз зор
оральдық са-
амып отыр-
дері мен олар-
тарын бейне-
мін бейбейті.

Колхозшылардың оқуына басшылық жасаудан тыс қалған

Ауыл шаруашылығы насихаты облыстық басқармасының бастығы Качалов жолдас Мамлют ауданына келді. Ол колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуының жайымен жергілікті жердің «зінді» қолма-қол танысып, ұш жылдық курстың оқушыларының жұмысына көмектеспек еді. Ауыл шаруашылығы білімдерін насихаттауда колхозшылар арасында қызмет істеп жүрген ауыл шаруашылығының мамандары Качалов жолдас бағалы кеңестер, нақтылы көмек, сын пікірлер күтті. Нақтылы жағдайға қарасақ, істің жайын жергілікті жерде терең зерттеп білу, агро-зоотехникалық курстардың оқушыларына тыңғылықты көмек көрсету толғағы жеткен мәселе.

Ауыл шаруашылығы насихаты облыстық басқармасының бастығы Качалов жолдасының келуі қарсаңында Мамлют ауданында колхозшылар оқуының жайы өте-өте нашар еді. Колхоздарда ұйымдастырылған агро-зоотехникалық топтардың жартысына жуығында сабақ басталған жоқты. Жекелеген агрономдар мен зоотехниктер өз міндеттеріне жауапсыз қарап, курс

теген егіншілер оқып, білімін көтеріп жүр. Жалғыз басқарма председателі Лукьянченко жолдас ғана сабаққа қатысудан бастартады.

— Менде оқудан гөрі маңыздырақ жұмыстар бар, — деп мәлімдейді ол.

Бұдан басқа да бірнеше колхоз председателдері, бригадирлер, ферма меңгерушілері өздерінің білім дәрежесін көтермейлі. Мысалы, «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің егістік бригадасының бригадирі Курышев жолдас «оқушы ролінде болудан ұялатындықтан» агротехникалық топтың сабағына қатыспай жүрген көрінеді.

Ауыл шаруашылығы насихаты облыстық басқармасының бастығы Мамлют ауданында алты күн болды. Ауданда болған кезінде Качалов жолдас не істеді десеңізші. Мамлют аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас агрономы Олерская жолдас ауыл шаруашылығы насихаты басқармасы бастығының ауданда болуы жайында былай дейді:

— Качалов жолдас біздің ауданға өзінше өте қажетті цифр көрсеткіштерін жыйнау үшін ғана келген. Ол ауыл шаруашылығы

Жаңа бесжылдықтың
стахановшысы

Любовь Гришакова



сымыздың басқа аудандарында да жоқ емес.

Совет Одағы Коммунистік партиясы ХІХ съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, партия, совет ұйымдары, кино қызметкерлері еңбекшілерге кино көрсету ісінде болып келген бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

Көзір жергілікті Советтердің сайлауына өзіндік күндерінде облысымыздың кино

көмек көрсетіп отыратын болсын.

Партиямыз бен үкметіміздің және Сталин жолдастың аталық қамқорлығы арқасында еңбекшілердің әл-ауқат күйі күнбе- күн жақсарумен бірге, олардың мәдени тілегі де арта түсуде. Еңбекшілердің рухани және мәдени тілегін тыңғылықты өтей отырып, оларды киномен қамту дәрежесін мейлінше көтеру — кино қызметкерлерінің абройлы борышы.

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік

Сайлау участогіндегі үгіт-бұқаралық жұмыс

№ 45 сайлау участогінде 64 үгітші жұмыс істейді. Олар сайлаушыларды сайлау Ережесімен таныстырып, съезд материалдары бойынша әңгімелер өткізіп жүр.

Вагон депосының комсомолец слесары Фуфаев, вагондарды байқаушы Юрченко, көмекші цехтың мастери Петров жолдастар өз участоктерінде 3 реттен болды. Үгітшілер партияның ХІХ съезінің материалдары, И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы әңгімелер өткізді. Сонымен қатар, олар сайлаушыларға № 44 мектепте үгіт пункті ашылғанын, онан жергілікті Советтердің сайлауы жөніндегі материалдармен танысуға болатынын хабарлады.

Үгіт пункті осы айдың алғашқы күндері ашылды. Үгіт пунктінің меңгерушісі

Чекунов жолдас және вагон участогінің партия ұйымының үгітшілер коллективі кезекшілердің графигін белгіледі.

Үгітшілер өз міндеттерін жақсы біледі. Олар қажетті материалдармен қамтамасыз етілген. Партия ұйымы үгітшілердің екі рет семинарын өткізді. Бұл семинарларда сайлаушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың жайы туралы мәселелер талқыланды.

Жақында үгіт пунктіне сайлаушылардың алғашқы жыйыны өтті. Жыйынға қатысушылар партияның ХІХ съезінің қорытындылары туралы партия ұйымының секретары Максимов жолдастың баяндамасын тыңдады.

Р. АЛЕКСАНДРОВА.

СЕЛОДАҒЫ ҮГІТ ПУНКТИНДЕ

Преснов ауданы, Железное селосының клубына үгіт пункті орналасқан. Көзір ол сайлау алдындағы саяси-бұқаралық жұмыстың орталығына айналуда. Үгіт пунктіне Гаврилов, Мыльникова, Степанова сыяқты үгітшілер сайлаушылармен әңгіме өткізіп, партияның ХІХ съезінің қарарларын түсіндіреді, дүние жүзіндегі ең демократияшы конституция — Сталиндік Конституцияның ерекшеліктерін баяндайды.

Сайлаушылар үгіт пунктіне зор ынтамен келеді. Мұндағы соңғы бір әңгімеге 20 дан астам сайлаушылар қатысты. Әңгіменің тақырыбы жана бесжылдық жоспар

жөніндегі директивалар туралы болды.

Сайлаушылар үгітшіге көптеген сұрақтар қойды. Олардың бір тобы Кореядағы сұйығалардың жайы туралы, екінші бір тобы жуырда болып өткен бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік Конгресінің қорытындылары туралы сұрады. Үгітші бұл сұрақтардың бәріне мазмұнды жауап қайтарды. Үгіт пунктіне сайлаушылар үшін көркемөнерпаздардың концерті, кинофильмдер жиі көрсетіледі.

В. СКИБСКИЙ.

Аудандық «Ударник» газетінің редакторы.

Егіншіліктің мәдениетін көтеріп, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру күресіне Қызыл әскер совхозының коллективі барлық мүмкіншілікті жұмылдыруда. Социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, совхоз жұмысшылары көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын тыңғылықты жүргізіп келеді.

Көктемгі егіске әзірлікте механизаторлар үздік табыстарға жетті. Олар еңбек өнімділігін үздіксіз арттырып, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеп, дала жұмыстарына әзірлеу ісін жақсартта түсті. Совхоз жоспар бойынша төртінші тоқсанда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің тоқсандық жоспарын мерзімінде және артығымен орындап шықты. Төртінші тоқсанда тапсырмадан тыс 11 трактор, 7 комбайн, 13 сеялка, 167 гырма жөндеді.

Механизаторлар жөндеу жұмысында атахановтық еңбектің үлгісін көрсетті. Мәселен, тракторшылар П. Пустовой, Л. Сотниченко, Ф. Федотов, А. Федерсов, Т. Волошенко, токарьлар, Г. Щербинин, Н. Шонин жолдастар сменалық тапсырманы үнемі 170 — 175 проценттен орындап жүр. Ал, жергілікті Советтердің сайлауын жаңа зор өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа ұштасқан бұл механизаторлар көзір еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсіп келеді.

Тұқымды мол дайындауда

Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозының мүшелері үстіміздегі жылы егін өнімін арттырудың барлық шараларын ойдағыдай жүзеге асыру жолында еңбек етуде.

Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру үшін колхозшылар алдағы көктемгі егіске сапалы тұқым дайындап жатыр. Мұнда тұқым қоры жеткілікті құйылған. Көзір колхозшылар тұқымдық дақылдарды тазалап, өнгіштік сапаға жеткізуді қызу қолға алды. Көзірдің өзінде 1.000 центнерден артық тұқымдық дән тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілді.

Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі. Осыны жете ескеріп, совхоз коллективі алдағы көктемгі егіске қажетті тұқым қорын толық құйып алды.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында совхоз коммунистері авангардтық роль атқарып келеді. Коммунистердің көпшілігі өндірісте тікелей жұмыс істеумен бірге, егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын өрістете жүргізіп, барлық күшті партияның ХІХ съезінің барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыру жөніндегі қарарын мінсіз орындауға жұмылдыруда.

Бірақ, бұл айтылғандардан совхоздың көктемгі егіске әзірлігінде ешқандай кемшілік жоқ деген ұғым тұмайды. Бізде жұмыстың кейбір маңызды участоктері тиісті дәрежеде жүргізілмей келеді. Мәселен, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу ісінде елеулі кемшіліктер бар. Машиналардың бірқатар бөлшектері сапасыз жөндеген. Соның салдарынан кейбір машиналарды екінші рет жөндеуден өткізуге тура келіп жүр. Көзір механизаторлар жұмыстағы мұндай кемшіліктерді дереу жойып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің қарқынын арттырумен бірге, сапасын жақсарту жолында еңбек етуде.

К. ӘДІЛШИН.

Қызыл әскер совхозы партия бюросының секретары.

Көктемгі егіске тұқым әзірлеуде колхозшылар Д. Жақыпов, С. Әлібеков, Е. Нұрғазин, Б. Рахметов жолдастар өнімді еңбек етіп жүр. Олар сменалық тапсырманы ұдайы артығымен орындайды.

Жергілікті Советтердің сайлауына лайықты тартулар әзірлеу мақсатымен колхозшылар тұқым тазалау, сорттау және оны өнгіштік сапаға жеткізу жұмыстарының қарқынын арттыра түсуде.

**Т. ӘБІЛКИН,
Т. ҚОЙШЫБЕКОВ.**

кісі келді оқуды біраз уақыт жұмысын болып шашпады. іздену ж

Оны келесі тырдан еңбекші еңбегінің авгу үміт пен жатты.

Коммунистер болып, бұл дүниеде Сталин партиясына қарайтын қуаныш. Осы шексіз бөлшегіміз

Гришақтан ол еңбек түсінігінің ыңырамын сызед кезіңізіне цех коллективінде ұл адамдай өнімділігі, сы барған Әрине, түсініксіз станоктің а соқты. станоктің қалатын.

Шойын құбыны коллектив жоспарын орындап етіп орындады. Партияның мен көсеміміз біздің цех аді орындауың тудың

ындағы қарама-қарсылықты жою және олардың еулі айырмашылықты жоюдың жолдары

қарып, қала
арама-қарсы
зады дейтін
ын деревня-
ң табыстары

тивтік эконо
да ала оты
нша елімізді
уды жүзеге
аграрлық ел
алдырды. Ең
у шаруаларды
шілігін экс
циалистік ин
сінінше, өнді
ге және шар
н арттыруға
ік индустрия-
эктивтендіруге

лығымен ком
табы мен
сүйені оты
руді және мұ
тап ретінде
хоз құрылысы
дағы өндіріс
і капиталистік
на жаңа, қол
ары орнатыл
нгеріс болмаса,
алин, —біздің
іргіш күштері,
қатып-семіп
ш-сөзмер еді».
шаруаларды
н бірге шаруа-
революция бол
ктің дәріптелін
ыстап, коллек-

қала (өнеркәсіп) мен деревня (ауыл шаруашылығы) арасындағы елеулі айырмашылықты жою проблемасы қойылды.

Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою проблемасымен салыстырғанда, бұл проблеманың мүлде басқаша сыйпаты бар. Марксизм классиктері бұл проблеманы алға қойған жоқ, ол социалистік құрылыстың практикасында алға қойылды. Сталин жолдас оны марксизм-ленинизмде алғаш рет өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген дәнншіандық еңбегінде теория жағынан талдап шешті.

Сталин жолдас бұл проблеманың ерекше зор проблема өкінін және оның біздер үшін бірінші дәрежелі маңызы бар екенін атап көрсетті. Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жою — коммунистік құрылыстың түбірлі міндеттерінің бірі.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы елеулі айырмашылық, деп үйретеді Сталин жолдас, ең алдымен және көбінесе мынаған келіп тіреледі: бізде өнеркәсіпте өндіріс құралдары және өндіріс өнімі жалпыхалықтық меншікте болып отыр, ал ауыл шаруашылығында жалпыхалықтық меншік емес, қайта топтық, колхоздық меншік болып отыр. Колхоз, өнімнің меншік иесі болып отырғандықтан, бұл өнімнің сәуірін, колхоз өндірісінің базьмартығын рынокқа шығарып алады. Сөйтіп, өнімнің бұл бөлегі товар айналымы системасына қосылады. Қала мен деревня арасында елеулі айырмашылықтың болуы товар айналымының сақталуына бастайды.

Мне осы жағдай көзір колхоз меншігін жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жет-

және оларды өнім айырбасының көп системасына таратып дамыту керек, сөйтіп колхоздар өзінің өнімі үшін ақша ғана алып қоймай, көбінесе қажетті бұйымдар алатын болуы керек» (Сонда, 96-бет).

Өнім айырбасы системасы колхоз өндірісіне тиімді, өйткені өнімді дайындағанда көп товарлар колхоздарға жеңілдік бағамен беріледі, сол себепті колхоздар мен колхозшылар мұнан көп ұтады. Өнім айырбасы системасы онан әрі дамытыла келе бұл ұтыс онан сайын көбіей түседі, өйткені колхоздар өнім айырбасы ретінде мемлекеттен өнімді барған сайын көп алады және товар айналымына қарағанда, неғұрлым арзан бағамен алады.

Сталин жолдас бұл маңызды істегі зығыстықтан алдын-ала сақтандырады, өйткені өнім айырбасының мұндай системасы мемлекеттің деревняға беретін өнімін ерекше көбейтуді керек қылады.

Бірте-бірте, бірақ үнемі енгізіле беретін өнім айырбасының системасы товар айналымының өрісін тарылтып, социализмнің коммунизмге өтуге жеңілдік келтіреді. «Неқ осының өзі, —деп көрсетеді И. В. Сталин, —біздің көзіргі жағдайымызда колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу жөнінде нақты және шешуші құрал болады» (Сонда, 97-бет).

Колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншікке айналдыру міндеті, колхоздардың негізгі күші болып отырған олардың қоғамдық шаруашылығын мейлінше өркендету, оларды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан сайын нығайту және мұның негізінде колхоз өндірісінің товарлығын арттыру жолымен жүзеге асырылады. Колхоз мүлгін талап-тарапқа салуға қарсы күресу ауылшаруашылық арте-

лекеттік және колхоздық секторларды мейлінше нығайтып өркендету жолымен шеше аламыз.

Бұл сталиндік нұсқаулар бесінші бесжылдық жоспарда айқын көрсетілді. XIX съездің қарарлары партия мен Совет мемлекетін колхоз құрылысын онан сайын өркендетіп нығайта беруге, ауыл шаруашылығы саласындағы басты міндетті жүзеге асыруға бағыттады.

Мемлекеттік жалпыхалықтық меншікті нығайтып көбейту социалистік деревняны өркендетудің жетекші және белгілеуші шарты болып табылады. МТС-тер колхоз өндірісінде және бүкіл колхоз құрылысында шешуші роль атқарады.

Осы күнгі техника, ауыл шаруашылығының барлық салаларының жұмысын атқаратын көптеген ең жаңа машиналар еліміздің ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтудың аса маңызды көздерінің бірі болып табылады. 1940 жылы біздің өнеркәсіміз ауылшаруашылық машина және құралдарының 84 түрін шығарса, 1950 жылы ауылшаруашылық машиналарының 222 түрін жасап шығарды. Соғыстан кейінгі жылдарда социалистік ауыл шаруашылығына бес миллионнан астам ауылшаруашылық машина және құралдары берілді. Төртінші бесжылдықтың өзінде ауыл шаруашылығы онбес аттық күші бар 536 мың трактор және 93 мың астық комбайндарын алды.

МТС-тер мен совхоздардағы трактор паркнің жалпы қуаты соғысқа дейінгіден 59 процент, комбайндардың жалпы қуаты 51 процент артты. Машина-трактор станциялары колхоздарда 1940 жылы 90 түрлі жұмысты атқарса, көзір 170 түрлі жұмысты атқарады. Трактор паркін пайдалану мықтап ұлғайды. 1952 жылы трактор-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиесінің бүгінгі берген хабарында Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен бірге американ-ағылшын интервенттеріне және лисыманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды делінген.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зияндады.

СОЛТҮСТІК АФРИКАДАҒЫ
АМЕРИКАН-ФРАНЦУЗ
ҚАЙШЫЛЫҒЫНЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

НЬЮ-ЙОРК, 11 январь. (СОТА). «Нью-Йорк Уорлд телеграмм энд Сан» газеті Танжерден берген хабарында, «Солтүстік Африкадағы американ-француз қарым-қатынасының шиеленісуі шегіне жеткен. Француздар, — деп жазады, —американдардың оларды Солтүстік Африкадан қуып шығуға әрекеттенетінінен сезіктенетін көрінеді... Мароккодағы біздің барлаушылардың әрекеттеріне қарсы француздар ресми емес түрде наразылық білдірісті. Олар біздің өзімізге керекті хабарларды француздың құпия полициясы арқылы алып отыруымызды талап етеді. Францияның ресми өкілдері Француз Мароккосында ғана емес, сол сыяқты, Тунисте де француздардың қожалығына қарсы ұлтшылдардың қарсы шығуын АҚШ қолдап отыр деп сезіктенеді».

ПАКИСТАН ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КӨП
АДАМ ҚАТЫНАСҚАН
ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

КАРАЧИ, 11 январь. (СОТА). «Синд обсервер» газетінің хабарына қарағанда, кеше Лакка (Шығыс Пакистан) қаласын-

өзінің ішінде және нағандықта қалдырады. Буржуазиялық идеялар: егіншіліктің өнеркәсіптен артта қалуына табиғат жағдайы себеп болады деп келді және кәзірде де солай дейді. Олар: деревняның артта қалуы, шаруалардың мұқтаждық көруі қанаудың нәтижесі емес, бұған халықтың күн көруіне керекті құралдардың өсуіне қарағанда, халықтың тез өсуі себеп болады, оған капитализм айыпты емес, табиғаттың өзі айыпты деп дәлелдеуге тырысады. Марксизм-ленинизм буржуазия идеяларының малтустық зымияндық бәйімделуларын көптен өшкерілеп, деревняның артта қалуы — капиталистік қатынастардың нәтижесі, еңбекшілер бұқарасын қанаудың нәтижесі екенін дәлелден көрсетті.

Империализм тұсында қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық шегіне жеткізіледі. Империализм бұлардың арасында өте аламыстық терең ор қазды.

Марксизм-ленинизм классиктері: таптық антагонистік қоғам жағдайында бұл қарама-қарсылықты жою мүмкін емес, оны жою үшін социалистік революция, пролетариат диктатурасы қажет, социализмнің жеңуі қажет деп үйретеді.

ССРО-дағы социалистік құрылыстың орасан мол тәжірибесі марксизм-ленинизмнің бұл қағидасының дұрыстығын толық дәлелдеді.

II.

Елімізде Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңгеннен кейін қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтың түбірлі, таптық негіздері жойылды. Тек капитализмнің құлатылуы ғана шаруаларды жоғары көтере алады, тек антикапиталистік, жұмысшы үкметі ғана олардың экономикалық қайыршылығын және қоғамның кері көтуін біржолата жоя алады деген Маркстің қорытындысы іс жүзінде ыспатталды. Тек пролетариат революциясы ғана ауыл шаруашылығын жеке

ғы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы мүдделердің қарама-қарсылығы да жойылуға тиісті болды. Мұның өзі іс жүзінде солай болып шықты.

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы бұлардың арасындағы достыққа айналды. Бұл таптардың мүдделері кәзір ортақ бағытта, социалистік құрылысты нығайту және коммунизм орнату бағытында болып отыр. Деревняның бір кездегі қалаға сенбеушілігінің, әсерсе өшпенділігінің ізі де қалған жоқ. «Мұның бәрі, — деп жазады И. В. Сталин, — қала мен деревняның арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы қарама-қарсылықтың негізін біздің кәзіргі социалистік құрылысымыз кәзірдің өзінде-ақ жойды деген сөз». (Сонда, 27-бет).

Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою қалалардың құруына жеткізеді. Қайта, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою, ССРО-ның тәжірибесі көрсеткеніндей, ескі үлкен қалаларды социалистік негізде қайта салып, жаңа ірі қалалар жасауды керек қылады. «Үлкен қалалардың құрымайғындығы былай тұрсын, — деп үйретеді Сталин жолдас, — қайта мәдениеттің негүрлым көзгәрі орталықтары ретінде, үлкен индустрияның ғана орталықтары ретінде болып қоймай, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін өңдеудің және тамақ өнеркәсібінің барлық тарауларының мықтап дамуының орталықтары ретінде тағы да жаңа үлкен қалалар пайда болады. Бұл жағдай елдің мәдени көркеюін жеңілдетіп, қала мен деревнядағы тұрмыс жағдайларын теңдеуге жеткізеді» (Сонда, 27—28-беттер).

III.

Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтың жойылысымен Коммунистік партия, бүкіл социалистік қоғам алдына жаңа, аса маңызды проблема —

өркендету қажетіне ойдағыдай пайдаланып отыр. «Бірақ, — деп көрсетеді Сталин жолдас, — сонымен қатар мынаны көрмеу көшірмесіз соқырлық болар еді: бұл құбылыстар кәзірдің өзінде-ақ біздегі өндіргіш күштердің мықтап дамуына кедергі жасай бастады...» (Сонда, 70-бет).

Топтық-колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізе кетіре отырып және товар айналымы орнына өнім айналымы системасын қолдана отырып, біздің социалистік қоғамымыз өндіріс қатынастары мен өндіргіш күштер арасындағы қайшылықтарды жеңіп береді, сойтіп еліміздің өндіргіш күштерінің дамуына кең өріс ашады, социализммен коммунизмге өтуге керекті жағдайлар туғызылуын қамтамасыз етеді. Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты тек бүкіл социалистік қоғамды өркендету негізінде жоюға болады. Социалистік қоғамның өндіргіш күштерін мейлінше өркендетіп отырып, біз колхоз меншігін жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізуге керекті жағдайдың бәрін туғызамыз.

«Колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін, — деп жазады Сталин жолдас, — колхоз өндірісінің базиртық өнімдерін товар айналымы системасынан шығарып, оларды мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздар арасындағы өнім айырбасы системасына қосу керек. Істің мәні осында» (Сонда, 96-бет).

Бізге өнім айырбасының бастамалары ауылшаруашылық өнімдері үшін «товар беру» түрінде болып келеді. Мақта, лен, қант қызылшасын өсіруші және басқа өнімдер өсіруші колхоздардың өнімдері үшін кәзірдің өзінде ішкі нарық «товар беріледі». «Міндет, — деп жазады Сталин жолдас, — мынада: өнім айырбасының осы бастамаларын ауыл шаруашылығының барлық тарауларында қолдану керек

ғамның еңбекшілеріне айналатын» (И. В. Сталин. Ленинизм мәселелері 11-басылуы, қазақ тілінде, 498—499 беттер) қоғам болады.

И. В. Сталин: өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы елеулі айырмашылықты жою олар арасындағы айырмашылық атаулыны жоюға жеткізеді деп үйретеді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы жұмыс жағдайларының әртүрлі болуы себепті, қандай да болса, тіпті елеусіз болса да, айырмашылық сөзсіз қалады.

В. И. Ленин былай деп жазды: «...егіншіліктің (егер бөлек пен тамақты лабораторияда дайындаудың өте алыс және өте проблемалық мүмкіншілігін былай қоя тұрсақ) мүлде жойылмайтын өзгешеліктері бар. Осы өзгешеліктердің салдарынан егіншіліктегі машиналы ірі индустрияда ешқашан оның өнеркәсіпте болатын белгілерінің бәрі бірдей болмайды». (Шығарлар, 5 том, қазақ тілінде, 141—142-беттер).

В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің осы қағидаларынан көрініп отырғанындай, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы жұмыс жағдайларының әртүрлі болуы себепті, ауыл шаруашылығындағы еңбекті индустриялық еңбектен өзгеше ететін ерекшеліктер коммунизм тұсында да болады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы елеусіз айырмашылық міне осы ерекшеліктер бойынша сыйпатталады.

Коммунизмге өту үшін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы елеулі айырмашылықты жою қажет.

Бұл ерекше маңызды проблеманы біз, Сталин жолдасының көрсеткеніндей, тек меншіктің кәзіргі социалистік формаларын мейлінше нығайтып өркендету жолымен, тек негізгі өндірістік секторларды — жем-

өзгертпеді.

Волгадағы Амудариядағы жылына екі сағат арзан Суарылатын жердің көлемі ту жылына шигті мақт миллион пұқант қызыл туғызады. Оның ауылшаруашылық бейеді.

Партияның жылдық және социалистік жылдық салаларының деуін, оның не электрлік қамтау дөңді да 50 процент дардың және ми мықтап шаруашылық гатты өзгеріске асыру де жүргізіл

Колхоздардың көбею шаруашылықтың тез та беру, ертілігі ұйғанан әрі коммунизмге бір міндеттерді анықтауындағы міндетін — жасаудың табылады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет